

№4 жалпы орта білім беретін мектебі бойынша

Бұйрық

Ақтөбе қ.

№ 87

24.07.2024 ж.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін
Жауапты тұлғаларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V заңымен бекітілген «Мемлекеттік қызметтің қызметтер тізіліміндегі 11-бабы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомствалық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету стандартының орындалуы үшін жауапты ретінде мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы А.С.Макешеваға бекітілсін.
2. «Аз қамтылған отбасы балаларының қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерлерде демалуы үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету стандартының орындалуы үшін жауапты тұлға ретінде мектептің әлеуметтік педагогы А.Нұркенқызына жүктелсін.
3. «Білім туралы құжаттардың телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет көрсету стандартының орындалуы үшін жауапты тұлға ретінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары міндетін атқарушы А.С.Макешеваға жүктелсін.
4. «Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету стандартының орындалуы үшін жауапты тұлға ретінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары міндетін атқарушы А.С.Макешеваға жүктелсін.
5. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету стандартының орындалуы үшін жауапты тұлға ретінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары міндетін атқарушы А.С.Макешеваға жүктелсін.
6. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтануды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету стандартының орындалуы үшін жауапты тұлға ретінде мектептің әлеуметтік педагогы А.Нұркенқызына жүктелсін.
7. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын республикалық ведомствалық бағынысты білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету стандартының орындалуы үшін жауапты тұлға ретінде директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары А.М.Узакпаеваға жүктелсін.
8. «Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсету» қызметінің орындалуы үшін жауапты тұлға ретінде мектептің әлеуметтік педагогы А.Нұркенқызына жүктелсін.
9. Жауапты тұлғалар мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуын қадағалау үшін арнайы журналдар жүргізсін.

Мектеп директоры:

А.А.Тулегенов

Бұйрықпен тааныстым:

А.С.Макешева
А.Нұркенқызы
А.М.Узакпаева